



Құрметті студент!

2018 жылы «Білім - 1» бағытындағы мамандықтар тобының бітіруші курс студенттеріне Оқу жетістіктерін сырттай бағалау 4 пән бойынша өткізіледі.

Жауап парақшасын өз мамандығыңыздың пәндері бойынша кестеде көрсетілген орын тәртібімен толтырыңыз.

Мамандық шифры	Мамандықтың атауы	Жауап парағының 6-9 секторларындағы пәндер реті
5B010200	«Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі»	1. Педагогика 2. Математиканы оқыту әдістемесі 3. Бастауыш мектептегі тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі 4. Қазіргі қазақ (орыс) тілінің негіздері

1. Сұрақ кітапшасындағы тестер келесі пәндерден тұрады:

1. Педагогика
2. Математиканы оқыту әдістемесі
3. Бастауыш мектептегі тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі
4. Қазіргі қазақ (орыс) тілінің негіздері

2. Тестілеу уақыты - 180 минут.

Тестіленуші үшін тапсырма саны - 100 тест тапсырмалары.

3. Таңдаған жауапты жауап парағындағы пәнге сәйкес сектордың тиісті дөңгелекшесін толық бояу арқылы белгілеу керек.

4. Есептеу жұмыстары үшін сұрақ кітапшасының бос орындарын пайдалануға болады.

5. Жауап парағында көрсетілген секторларды мұқият толтыру керек.

6. Тест аяқталғаннан кейін сұрақ кітапшасы мен жауап парағын аудитория кезекшісіне өткізу қажет.

7. - Сұрақ кітапшасын ауыстыруға;
- Сұрақ кітапшасын аудиториядан шығаруға;
- Анықтама материалдарын, калькуляторды, сөздікті, ұялы телефонды қолдануға
қатаң тиым салынады!

8. Студент тест тапсырмаларында берілген жауап нұсқаларынан болжалған дұрыс жауаптың барлығын белгілеп, толық жауап беруі керек. Толық жауапты таңдаған жағдайда студент ең жоғары 2 балл жинайды. Жіберілген қате үшін 1 балл кемітіледі. Студент дұрыс емес жауапты таңдаса немесе дұрыс жауапты таңдамаса қателік болып есептеледі.

Педагогика

1. Гректің «paıdagogas» сөзінің мағынасы:

- A) Тәрбие туралы ғылымның аты
- B) Оқушыға білім беруші
- C) Білім беруде озат тәжірибеге сүйенуші
- D) Білім алушыға насихат беруші
- E) Қоғамды тәрбиеге бағыттаушы

2. «Тұлға» ұғымының мәнін ашуда қолданылатын ұғым:

- A) даралық
- B) сынып
- C) тәрбие
- D) білім
- E) индивид
- F) адам
- G) оқушы

3. Жас ерекшеліктер:

- A) Белгілі бір жас кезеңіне тән анатомиялық сапалар
- B) Интеллектуалдық
- C) Әр балаға тән белгілі сипат
- D) Әр балаға тән белгілі мінез-құлық
- E) Белгілі бір жас кезеңіне тән даралық ерекшеліктер
- F) Белгілі бір жас кезеңіне тән психикалық сапалар
- G) Белгілі бір жас кезеңіне тән табиғи ерекшеліктер

4. Ғылыми-педагогикалық зерттеу әдістері:

- A) Психологиялық сауалнама
- B) Педагогикадағы математикалық
- C) Педагогикалық эксперимент
- D) Арнайы педагогикалық
- E) Психологиялық тест
- F) Әлеуметтік, педагогикалық

5. Эстетикалық тәрбие міндеттерінің бірі:

- A) ғылыми дүниетаным қалыптастыру
- B) еңбек қабілеттілігін арттыру
- C) ой қабілеттерін дамыту
- D) эстетикалық мәдениетті тәрбиелеу
- E) эстетикалық білімдер беру
- F) ағзаны шынықтыру

6. Тәрбиенің мақсаты:

- A) Қоғамның мүддесімен сәйкес болуы
- B) Адамды жан-жақты дамыту
- C) Жеке тұлғаның жан-жақты дамуы
- D) Тәрбиені гуманитарландыру
- E) Қоғам сұранысына сәйкес жеке тұлға қалыптастыру

7. Дүниетаным - бұл:

- A) Сынып ұжымының алатын орнына деген көзқарастар жүйесі
- B) Адамның өз-өзіне қатынасына деген көзқарастар жүйесі
- C) Адамның дүниеде алатын орнына деген көзқарастар жүйесі
- D) Мектеп ұжымының алатын орнына деген көзқарастар жүйесі
- E) Мектептің жағдайына деген көзқарастар жүйесі

8. Басқару стилі бойынша:

- A) отбасылық
- B) либералдық
- C) діни
- D) мектептік
- E) адамгершілік
- F) қоғамдық

9. Тұлға дамуының макрофакторларының бірі:

- A) мәдениет
- B) діни ұйымдар
- C) қоғам
- D) микросоциум
- E) тәрбие институттары

10. Сабақтан тыс іс-әрекетте өзара әрекет ету бойынша тәрбие формалары жіктеледі:

- A) олимпиада
- B) жұптық жұмыс
- C) ертеңгілік
- D) кеш
- E) дара
- F) жеке жұмыс

11. Ұжымның тәрбиелеуші ұйым ретіндегі маңызды белгісі:

- A) ұжым мүшелерінің бірлігі, әрқайсының өзіндік пікірінің болуы
- B) тек ұжымдық жауапкершілік
- C) жеке басшылық
- D) басқа ұйымдармен байланыс болмауы
- E) әртүрлі мақсат
- F) ұжымның мақсатының қоғамдық мәнде болуы
- G) жеке іс-әрекет

12. Сыныптағы тәрбие жүйесінің кезеңдері:

- A) Жүйенің қалыптасуы
- B) Ұжым іс-әрекетінің жүйесі мен мазмұнын жоспарлау
- C) Жүйенің дамуы
- D) Оқушылардың өзара қарым-қатынасын зерттеу
- E) Ұжым іс-әрекетінің жүйесі мен мазмұнын орындау
- F) Жүйені лайықты тәртіп бойынша қалыптастыру

13. Мектеп пен отбасының ынтымақтастық әрекеттері:

- A) олимпиадаларға даярлық
- B) ата-аналармен ұйымдастырушылық-педагогикалық жұмыс
- C) мектепті материалдық жабдықтау жұмыстары
- D) әдістемелік жұмыстар
- E) баланың оқу үлгерімі мен тәрбиесін жақсарту бойынша жүйелі жұмыстар

14. Оқытудың жалпы заңдылықтары:

- A) Тәрбие мен практиканың бірлігі
- B) Оқу құрылымы мен сапасы
- C) Оқуды ұйымдастыру, оқу сапасы, жеке тұлғаның дамуы
- D) Оқуды басқару мен ынталандыру
- E) Оқу сапасы мен оқу әдістері
- F) Оқу мазмұны, оқу барысы
- G) Оқыту мен тәрбиенің бірлігі

15. Білім беру стандарты:

- A) Білім беру нормаларын анықтайды
- B) Міндетті оқыту компоненттерін анықтайды
- C) Міндетті білім берудің негізгі құжаты
- D) Оқыту деңгейін айқындайды
- E) Білім беру саласын қамтиды
- F) Білім беру сапасын анықтайды
- G) Бағдарламалардың сапасын анықтайтын құжат
- H) Оқу жоспарларын қолданады

16. Оқу дәрістерін өткізу әдіс-тәсілдеріне байланысты дәрісбаян түрлері:

- A) Бинарлы
- B) Әдістемелік
- C) Болжамдық
- D) Көрнекілік
- E) Ақпараттық

17. Білім беру жүйесін стандарттау қажет:

- A) Мектептегі оқу процесінің жаңа еркін ұйымдастыру формаларына өтуі үшін
- B) Білім сапасын арттыру үшін
- C) Философиялық негізін қалыптастыру үшін
- D) Нәтижелілік деңгейін арттыру үшін
- E) Жаңалықтар енгізу үшін
- F) Тәжірибе менгерудің ғылыми мінездемесі
- G) Тың оқу жоспарларының енгізілуі үшін

18. Ұжымдық- танымдық іс-әрекеттің белгісі:

- A) Жалпы іс-әрекеттің жоспары болуы
- B) Жалпы мақсаттарды жүзеге асыру
- C) Бірыңғай мақсаттық, жалпы мотивтің болуы
- D) Ұжымдық іс-әрекет барысында, әрбір оқушы өзіндік білімін көрсете алуы
- E) Іс-әрекеттер барысында оқушыға жағдай жасау және оларды басқару
- F) Іс-әрекет барысында анықталған материалдар бойынша тұжырым жасау

19. Оқыту үдерісі:

- A) Білімді, біліктілік пен дағдыны меңгертеді
- B) Оқушылардың дүниетанымын дамытатын іс-әрекет
- C) Тәрбиені меңгертеді
- D) Оқушылардың көзқарасын дамытатын іс-әрекет
- E) Төзімділіктерін дамытады
- F) Оқушылардың қабілеттерін дамытатын іс-әрекет
- G) Отаншылдық қасиетін арттырады

20. Қалыптастырушы тұғырдағы тәртіп үлгісі:

- A) Қайталау
- B) Жаттығу
- C) Түсіндіру
- D) Бағалау
- E) Білімді бекіту
- F) Есте сақтау

21. Дидактикада оқыту технологиялары жіктелетін сипаттар:

- A) Философиялық негіз
- B) Нәтижелілік деңгей
- C) Әдіснамалық деңгей
- D) Қолдану деңгейі
- E) Әдістемелік негіз

22. Білім беру мемлекеттік стандарттары:

- A) ұйымдастыру формаларын іріктеуге қатысады
- B) оқыту әдістерін таңдауға ықпал етеді
- C) білім беру мекемелерін жетілдіруге қатысады
- D) азаматтардың толыққанды, сапалы білім алуын қамтамасыз етеді
- E) педагогикалық технологияларды іріктеуге қатысады
- F) білім беру кеңістігін сақтауды қамтамасыз етеді
- G) білім беруді және оны басқаруды ізгілендіруді қамтамасыз етеді

23. Жылдық оқу-тәрбие жұмысы жоспарының құрылымы:

- A) Әдебиеттерді талдау
- B) Кіріспе
- C) Жоспардың негізгі бөлімдерін сипаттау
- D) Қойылатын міндеттер
- E) Тоқсандық жұмыстарды талдау
- F) Зерттеу жұмысының нәтижелерін көрсету

24. Педагогикалық үдерістегі диагностиканың мәні:

- A) Педагогикалық деректерге басшылық
- B) Педагогтардың жетістіктерін бағалау әдісі
- C) Мұғалімнің басқару ұстанымы
- D) Маман шеберлігінің деңгейін анықтау
- E) Мұғалімдердің кәсіби дайындығын жетілдіру жүйесі
- F) Педагогтар мен мектеп басшыларының біліктілігін көтеру тәсілі

25. Мұғалімдерді аттестациялаудың принциптері:

- A) Тәрбиелік
- B) Жүйелілік, тұтастық
- C) Бірізділік
- D) Сауаттылық
- E) Сараптамалық бағалардың еріктілігі
- F) Адамгершілік
- G) Қабілеттілік

Педагогика
ПӘНІ БОЙЫНША СЫНАҚ АЯҚТАЛДЫ

Математиканы оқыту әдістемесі

1. Математиканы оқыту әдістемесінде қолданылатын педагогикалық зерттеу әдістері:

- A) Түсіндіру
- B) Жобалау
- C) Әдебиеттерді теориялық талдау
- D) Миға шабуыл
- E) Жаратылыстану эксперименті

2. ҚР математикасының бастауыш курсына құрастыруда басшылыққа алынған идея түрі:

- A) тұлғалық-іскерлік оқыту
- B) бағдарламалап, компьютерлік оқыту
- C) түсіндірмелік-иллюстрациялық оқыту
- D) дамыта оқыту
- E) сатылай-кешенді талдау
- F) үш өлшемді оқыту теориясы

3. Бағдарлама бойынша (2013 ж.) 2-сыныптағы оқу материалының мазмұны:

- A) Көптаңбалы сандар
- B) 1000 көлеміндегі жазбаша қосу мен азайту
- C) Миллион көлеміндегі сандарға арифметикалық амалдар қолдану
- D) 10 көлеміндегі қосу мен азайту
- E) 20-дан 100-ге дейінгі сандар

4. «Математиканы оқыту әдістемесі» пәні байланысты:

- A) Математикамен
- B) Физиологиямен
- C) Педагогикамен
- D) Математиканы оқыту теориясымен
- E) Анатомиямен
- F) Математиканың бастауыш курсының теориялық негіздерімен
- G) Психологиямен

5. Математиканы оқыту әдістемесі курсына оқып үйрену жүйесі:

- A) Конференциялар
- B) Педагогикалық практикалар
- C) Зертханалық сабақтар
- D) Практикалық және семинар сабақтар
- E) Қосымша сабақтар

6. Көрнекі құралдар:

- A) сызғыш
- B) оқулық
- C) қима фигуралар
- D) калькулятор
- E) жұмыс дәптерлері
- F) кестелер
- G) интерактивті тақта

7. Математика пәніне арналған оқу бағдарламасы:

- A) Оқу-әдістемелік құрал
- B) Оқу-әдістемелік топтамаға жататын құрал
- C) Мұғалімнің білімін тексеруге арналған құрал
- D) Оқушы білімін тексеруге арналған құрал
- E) Мұғалімге көмекші құрал
- F) Мұғалімдерге арналған әдістемелік құрал

8. Қолдану мақсатына қарай дидактикалық материалдар түрлері:

- A) Сөздік
- B) Өздігінен жұмыс жасауға арналған
- C) Бақылаушы
- D) Бейнелеу
- E) Ақпараттық
- F) Жаттықтырушы

9. Бағдарлама бойынша (2013 ж.) 4-сыныптағы оқу материалының мазмұны:

- A) 20-дан 100-ге дейінгі сандар
- B) жылдамдық, жол, уақыт шамалары арасындағы тәуелділіктерді білуі керек
- C) көбейтудің кестесі және бөлудің сәйкес жағдайлары
- D) 1000 көлеміндегі жазбаша қосу мен азайту
- E) натурал сандар және нөл саны
- F) 10-нан 20-ға дейінгі сандарды қосу
- G) 100 көлеміндегі ауызша көбейту және бөлу

10. Бағдарлама бойынша (2013 ж.) 3-сыныпта математиканы оқытуға бөлінген оқу жүктемесінің көлемі:

- A) Барлығы 136 сағат
- B) Барлығы 170 сағат
- C) Аптасына 6 сағат
- D) Жылына 33 апта
- E) Жылына 34 апта

11. Математикада оқушылардың іс-әрекетін ұйымдастыру:

- A) Математикалық бұрыш жасау
- B) Математикалық саяхат ұйымдастыру
- C) Олимпиада
- D) Сыныптан тыс жұмыс
- E) Өзіндік жұмыс
- F) Факультативтік жұмыс

12. Математикада дидактикалық мақсатқа байланысты сабақ типі:

- A) Қосымша сабақ
- B) Жаңа материалды өту сабағы
- C) Жетілдіру сабағы
- D) Білім мен білікті қалыптастыру сабағы
- E) Бақылау және ББД түзету сабағы

13. Сабақ бұл:

- A) Бағдарламада қарастырылған оқушының қажеттіліктерін қанағаттандыру
- B) Математикалық білім, білік және дағдыларды қалыптастыру формасы
- C) Жұмыс жоспары нақты анықталған
- D) Ағымдағы оқу жұмысын ұйымдастырудың негізгі формасы
- E) Қатысушылардың құрамы нақты анықталған

14. Математикадан оқу барысын жоспарлау мазмұны анықталады:

- A) Мектеп жоспарымен
- B) Дидактикалық материалдармен
- C) Математиканы оқыту әдістемесі нұсқаулығымен
- D) Математика дәптері
- E) Мұғалім дайындығымен
- F) Оқу бағдарламасымен
- G) Оқу жоспарымен

15. Математикадан дәстүрлі сабақ өту:

- A) Оқушыларды ұйымдастыру, сабақ тақырыбы мен мақсатын хабарлау
- B) Бақылау сабағы
- C) Мұғалімнің талдау және жалпылауы
- D) Жаңа материалды бекіту
- E) Өтілген материал бойынша білім, білік, дағдыларды тексеру
- F) Бақылау жұмысын жүргізу
- G) Жаңа білік пен дағдыларды қалыптастыру

16. «Геометриялық элементтер» мазмұндық-әдістемелік желілерінің ұғымдары:

- A) Сызбалық аспаптардың көмегімен фигура салу
- B) Қарапайым шама ұғымымен таныстыру
- C) Өрнектерді оқу, жазу, салыстыру
- D) Қарапайым геометриялық фигураларды салу
- E) Шамалар арасындағы тәуелділікті табу

17. «Шамалар және оларды өлшеу» мазмұндық-әдістемелік желілерінің ұғымдары:

- A) Сызғыштың көмегімен кесіндінің ұзындығын өлшеу
- B) Тас пен мақта салмағын анықтау
- C) Есептеу тәсілдерін меңгерту
- D) «Өрнек» және «өрнектің мәні» ұғымдарын енгізу
- E) Сандарды оқу, жазу
- F) «Теңдік және теңсіздік» ұғымдарын ажырату

18. Бастауыш мектеп математикасының мазмұндық-әдістемелік желілері:

- A) Қарапайым түсініктер
- B) Танымдық материал
- C) Теріс емес бүтін сандар арифметикасы
- D) Арифметикалық амалдар және олардың қасиеттері
- E) Математикалық материал
- F) Алгебра негіздері
- G) Есеп және оны шешу кезеңдері

19. «Алгебралық материалдар» мазмұндық-әдістемелік желілерінің ұғымдары:

- A) Бөлшек және үлес
- B) Сандарды қосу және азайту
- C) Сандық теңдік және теңсіздік
- D) Сандарды оқу, жазу, салыстыру
- E) Санды және әріпті өрнек
- F) Геометриялық материалдармен таныстыру

20. «Қарапайым түсініктер» тақырыбын оқыту міндеттері:

- A) Сандарды жазу, оқу
- B) Бір және нольдің қасиеттерін меңгеру
- C) Балалардың мектептік өмірге бейімделуі
- D) Ноль санының орнын анықтай білу
- E) Сан және цифр туралы түсінік қалыптастыру
- F) Қосу және азайту кестесін білу

21. Азайту амалымен шығарылатын жай есептің түрлері:

- A) сандарды еселік салыстыруға берілген жай есеп
- B) қалдықты табуға арналған жай есеп
- C) қосындыны табуға арналған жай есеп
- D) тиісінше бөлуге берілген жай есеп
- E) белгісіз бөлгішті табуға арналған жай есеп

22. Амал қатынастарының мән-мағынасын ашуға арналған жай есептердің түрлері:

- A) Бірнеше бірлікке есе артық санды табуға берілген есеп
- B) Бірнеше бірлікке есе кем санды табуға берілген есеп
- C) Белгісіз азайтқышты табуға арналған жай есеп
- D) Үлесі (бөлігі) бойынша санын табуға арналған есеп
- E) Саны бойынша үлесін табуға арналған жай есеп
- F) Белгісіз бөлінгішті табуға арналған жай есеп
- G) Бірнеше бірлікке кем санды табуға берілген есеп

23. Жазбаша бөлу алгоритмін тап:

- A) бірліктерді бірліктерге қосады
- B) бірінші толымсыз бөлінгішті табады
- C) бұрыштап жазып алады
- D) бірінші толымсыз көбейтіндіні табады
- E) бөлінді мәні цифрларының санын анықтайды
- F) санды бірлікке көбейтеді
- G) ондықтардан ондықтарды азайтады

24. Бастауыш сыныптарда шаршыға анықтама беріледі:

- A) барлық бұрыштары тік емес төртбұрыш
- B) төрт жағы болатын тік төртбұрыш
- C) барлық қабырғалары тең төртбұрыш
- D) барлық бұрыштары тік және перпендикуляр
- E) қабырғалары төртеу болатын тік төртбұрыш
- F) барлық бұрыштары тік төртбұрыш

25. Пропорционал шамалар арасындағы тәуелділікке негізделген жай есеп түрлері:

- A) жылдамдық, уақыт, қашықтық арасындағы тәуелділік
- B) бірдей қосылғыштардың қосындысын табуға арналған жай есеп
- C) баға, сан, құн арасындағы тәуелділікке берілген жай есеп
- D) қосындыны табуға арналған жай есеп
- E) тік төртбұрыштың ауданы, ені арасындағы тәуелділік
- F) белгісіз азайтқышты табуға арналған жай есеп

Математиканы оқыту әдістемесі
ПӘНІ БОЙЫНША СЫНАҚ АЯҚТАЛДЫ

Бастауыш мектептегі тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі

1. Тәрбие бағыттары:

- A) Еңбек
- B) Қаржы
- C) Рухани-адамгершілік
- D) Дене
- E) Кәсібі
- F) Үдеріс

2. Тәрбие әдісі:

- A) Шар
- B) Ынталандыру
- C) Білім
- D) Спорт
- E) Мақсат

3. Тәрбие жұмыстары жүзеге асыратын тәрбиелік іс-әрекеттер:

- A) Еңбектік
- B) Экономикалық
- C) Тәрбиелік
- D) Ақпараттық
- E) Реттеушілік
- F) Ұйымдастырушылық

4. Тәрбие бағыттары:

- A) Даналық
- B) Азаматтық
- C) Көшедегі
- D) Қаржылық
- E) Эстетикалық
- F) Құқықтық

5. Тәрбие бағыттарының түрлері:

- A) Еңбек
- B) Жеке тұлғалық
- C) Демеушілік
- D) Экономикалық
- E) Экологиялық

6. Ата-аналармен жүргізілетін жұмыс бағыттары:

- A) Ұжымдық жағдайлары
- B) Диспут
- C) Дебат
- D) Жарыс
- E) Сайыс

7. Сынып жетекшісінің жұмысындағы негізгі іс қағаздары:

- A) Жеке дәптерлері
- B) Оқу жылының жоспары
- C) Оқушы дәптерлері
- D) Математика дәптерлері
- E) Балалардың жеке іс қағаздары

8. Отбасындағы тәрбиелеу әдістері:

- A) Сайыс
- B) Өртүрлі істерде қолдау көрсету
- C) Тамақтандыру
- D) Үлгі көрсету
- E) Әңгімелесу

9. Тәрбие жоспарына қойылатын талаптар:

- A) Сыныптан тыс тәрбие жұмыстарының ата-аналар талабына сәйкестігі
- B) Жоспардың жан-жақтылығы, тәрбиенің барлық салаларын қамтуы
- C) Тәрбие жоспарында сабақтың бағалануы
- D) Оқушылар әрекетінің жоспар талабына сәйкестігі
- E) Мектептен тыс тәрбие мекемелерімен өзара бірлескен іс-шаралардың күнделікті өтуі
- F) Жоспар оқу жұмыстарын қамту

10. Оқушылардың сабақтан тыс әрекеттерін ұйымдастырудың картотекасы:

- A) Жағымды эмоция тудыру
- B) Құндылық-бағдарлық әрекет
- C) Оқуға жағымды уәждемесін тудыру
- D) Еңбек әрекеті
- E) Таным әрекетін ұйымдастыру

11. Ұжым болашағының даму жүйесі:

- A) Жоба
- B) Жақын перспективалық
- C) Орта перспективалық
- D) Үлгі
- E) Модел
- F) Топ
- G) Сынып

12. Ұжымдық шығармашылық істі ұйымдастыру негізінен келесі кезеңдерден тұрады:

- A) Ұжымдық жарыс
- B) Ұжымдық байқау
- C) Дайындық сайыс
- D) Шараны өткізу нәтижесін қорытындылау
- E) Ұжымдық жоспарлау, ұжымдық іс – әрекет
- F) Дайындық жұмысы
- G) Ұжымдық бақылау

13. Ұжымды зерттеу әдістері:

- A) Бақылау
- B) Референтометрия
- C) Диспут
- D) Дәріс
- E) Статистикалық

14. Тәрбие мақсаты сипатталады:

- A) Объективтілігімен
- B) Міндеттерімен
- C) Динамикасымен
- D) Мүдделерімен
- E) Субъективтілігімен
- F) Әрекеттілігімен
- G) Сапалығымен

15. Тәрбие мақсатының көрінісі:

- A) Қоғамдық
- B) Отбасылық
- C) Жалпы адамзаттық
- D) Мектепшілік
- E) Жекетұлғалық
- F) Сыныптық
- G) Әлеуметтік

16. Тәрбие принципі:

- A) Отбасылық
- B) Жеке тұлғалық
- C) Ұзақтылық
- D) Көпфакторлылық
- E) Дамытушылық
- F) Үздіксіздік

17. Тәрбиенің гуманистік принципінің мәні:

- A) Демеушілік
- B) Бақылау
- C) Дамытушылық
- D) Талаптандыру
- E) Тұлғаны сыйлау
- F) Жазалау
- G) Тәрбиеленушінің санасына нақты мақсаттарының болуы

18. Оқушылар ұжымының екінші кезеңінде топпен жасалатын жұмыс:

- A) Әрбір ұжым мүшелеріне көмектесу, іс-әрекетін бақылау
- B) Қоғамдық пікір қалыптаса бастайды
- C) Өзін-өзі бақылауды ұйымдастыру
- D) Бір-бірімен сөйлеспеуі
- E) Жұмысты бірігіп жоспарлау
- F) Өзін-өзі тәрбиелеу

19. Оқушылар ұжымының үшінші кезеңінде топпен жасалатын жұмыс:

- A) Мұғалімнің көмегін қажет ету
- B) Әркім өзін көрсете білуге тырысу
- C) Ұжымда бір-біріне ілтипатты болу
- D) Мінез-құлық нормасына үйрету, әлеуметтік тәжірибеге тарту
- E) Оқушы өз білгенін ақылдаспастан бірден айтып беру
- F) Әрбір ұжым мүшелеріне көмектесу, іс-әрекетін бақылау

20. Тәрбие мазмұнындағы өзін-өзі тану бағытын қалыптастырады:

- A) Адамның өзіне-өзі үйлесімді болуы арқылы оның кәсіптік және адамгершілік танымын
- B) Психикалық өзін-өзі анықтау
- C) Экологиялық өзіндік танымын
- D) Адамды өз бақытының және өз өмірінің субъектісі ретінде сипаттауын
- E) Отбасылық өзіндік танымын
- F) Ақпараттық өзіндік танымын

21. Тәрбие жүйе кезеңдерінің өлшем шектері ретінде әрекеттің бірізділігінің құрылымдық бірліктері:

- A) Дәстүрлерді қалыптастыру
- B) Салауатты өмір қалыптастыру
- C) Мақсат-мүдделерін қалыптастыру
- D) Көзқарастар мен тұжырымдар қалыптастыру
- E) Қарым-қатынас қалыптастыру
- F) Тәрбиелік іс-әрекеттерді қалыптастыру
- G) Бейнені шындыққа айналдыру

22. Тәрбиеде ата-аналардың жіберетін негізгі қателіктері:

- A) Психологиялық
- B) Педагогикалық сауатсыздық
- C) Қаржылық
- D) Ақпараттық
- E) Насихат, жазғыру, үрсу
- F) Идеологиялық

23. Тәрбиеленушінің жан-жақты дамуына тәрбиелеу ортасына жағдай тудырады:

- A) Ұстаздар ұжымы
- B) Ұжымда жағымды көңіл-күй
- C) Демеушілер ұжымы
- D) Қоғамда жағымды көңіл-күй
- E) Оқушылар ұжымы

24. Ю.К. Бабанский бойынша тәрбие әдісінің жіктелуі:

- A) Оқушының мәдени деңгейін қалыптастыру әдістері
- B) Жеке адамның санасын қалыптастыру әдістері
- C) Балалардың іс-әрекетін ұйымдастыру әдістері
- D) Оқушылардың мінез-құлқын көтермелеу, бақылау, өзін-өзі бақылау
- E) Оқушының мінез-құлқын мадақтау арқылы қалыптастыру әдістері
- F) Сана-сезімді қалыптастыру әдістері
- G) Оқушылардың іс-әрекетін ұйымдастыру және қоғамдық тәрбиені қалыптастыру әдістері

25. Сабақтан тыс тәрбие жұмысының ерекшеліктері:

- A) Оқушылардың оқудан тыс қызықты кітап, газеттер мен журналдар оқуын ұйымдастыру
- B) Сабақтан тыс тәрбие жұмысының мазмұны баланың сезіміне, әсерленуіне назар аударуды міндеттейді
- C) Баланың сабақтан тыс практикалық әрекеттерін ұйымдастыру
- D) Сабақтан тыс әртүрлі тәрбие жұмыстарын атқаруда өздігінен жұмыс істеу біліктілігіне машықтандыру
- E) Қызықты кездесулер, кештер, ертеңгіліктер өткізу
- F) Әдебиет пәні және мектеп кітапхана қызметкерімен бірлесе отырып оқырмандар мәжілістерін өткізіп отыру
- G) Сабақтан тыс уақытта тақырыптық сынып сағаттарын өткізу және оған дайындық жұмыстарын ұйымдастыру

**Бастауыш мектептегі тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі
ПӘНІ БОЙЫНША СЫНАҚ АЯҚТАЛДЫ**

Қазіргі қазақ (орыс) тілінің негіздері

1. Грамматиканың салалары:

- A) Морфология
- B) Дефектология
- C) Диссимиляция
- D) Архаизм
- E) Семасиология
- F) Диалектология

2. Тіл білімінің салалары:

- A) Синтаксис, Морфология
- B) Ассимиляция, Аффоризм
- C) Логопедия, Сөзжасам
- D) Дефектология, Поннаграмма
- E) Артикуляция, Ассонанс
- F) Антитеза, Анофора, Анотация

3. Еріндік дауыстылар:

- A) о
- B) а
- C) ү
- D) ә
- E) е
- F) и
- G) ұ

4. Тұйық буынды сөз:

- A) Қайшы
- B) Тағам
- C) От
- D) Ар
- E) Ұр

5. Дыбыстауда бірыңғай еріндік дауыстылармен айтылатын сөздер:

- A) Миуалы
- B) Өнерпаз
- C) Бұлбұл
- D) Бұлдырық
- E) Сүтті

6. Төменде көрсетілген дыбыстардың ішінен қазақ тілінің төл дыбыстары:

- A) П, Р, С
- B) Ф, Н, Л
- C) Ұ, Ү
- D) В, Ң
- E) П, Щ
- F) Ә, І
- G) Р, Э

7. Бұйрық райдың жұрнақтары:

- A) -са, -се
- B) -йік, -йық
- C) -шы, -ші
- D) -гей, -ғай
- E) -айын, -ейін

8. Омонимге тән сипаттама:

- A) Дыбысталуы бірдей сөздер
- B) Мағынасы қарама қарсы сөздер
- C) Өзара мәндес сөздер
- D) Полисемиялы сөздер
- E) Мағынасы әр басқа сөздер
- F) Айтылуы да, жазылуы да бірдей сөздер

9. Лингвистикалық сөздіктің түрі:

- A) екі тілдік
- B) көп тілдік
- C) сегіз тілдік
- D) он тілдік
- E) бес тілдік
- F) бір тілдік
- G) алты тілдік

10. Тұрақты тіркестер берілген қатар:

- A) Үріп ауызға салғандай
- B) Алтын сақина
- C) Төбе шашы тік тұру
- D) Қуарған шаш
- E) Тәтті шай
- F) Жүрек жұтқан

11. Кіріккен сөздер қатары:

- A) Жетісу
- B) Биыл
- C) Қосаяқ
- D) Мыңбасы
- E) Елбасы

12. Мағынаның түрлендірілуі нәтижесінде жасалған туынды сөздер:

- A) Сипат
- B) Салауат
- C) Сиясауыт
- D) Тамаша
- E) Үйшік
- F) Сандықша
- G) Ағатай

13. Мағынаның түрлендірілуі нәтижесінде жасалған туынды сөздер:

- A) Көлшік
- B) Дұға
- C) Салауат
- D) Тамаша
- E) Сипат
- F) Сиясауыт

14. Синтаксистік тәсіл арқылы жасалған сын есімдер:

- A) Таулы, орманды, тұссыз
- B) Қара кер, ұзын бойлы
- C) Сары ала, қара қасқа
- D) Жирен, қоңырқай, берен
- E) Қаралау, ақшыл, сұрғылт
- F) Қара қоңыр, торы ала

15. Жалғаулықтар өзара тең ... әрқилы қатынастарын білдіреді:

- A) Құрмалас сөйлемдердің
- B) Демеуліктердің
- C) Септеуліктердің
- D) Еліктеу сөздердің
- E) Шырай категориясының

16. Мезгіл үстеу:

- A) Армандарына жетіп, көңілдері бір жайланды
- B) Анасының тілін алмаған азапқа қалады
- C) Анар табақтағы етті алды
- D) Түнде ай жарық болды
- E) Еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей
- F) Бүгін күн суық
- G) Кеше келдік

17. Мөлшер үстеуі:

- A) Бұрын келді
- B) Биыл олар көшеді
- C) Біршама уақыт өтті
- D) Асан қыруар ақша тапты
- E) Босқа келгеніне өкінді
- F) Алайда бәрі кеш еді
- G) Керектерін бір-бірлеп алды

18. Ауыспалы осы шақ етістігі бар сөйлем:

- A) Біз түскі тамақты мейрамханадан ішеміз
- B) Ол үлкен сахнада тамаша ән айтқан
- C) Бақта бұлбұл сайрайды
- D) Әсет Абай өлеңдерін кітапханадан таппақ
- E) Менің ағам Астанаға көшті
- F) Болатбек өте өжет жігіт
- G) Биыл Сіздер Алманияға бармақсыздар

19. Сабақтас құрмалас сөйлемнің негізгі белгілері:

- A) Бірінші сыңары басыңқы, екінші сыңары бағыныңқы делінеді
- B) Бағыныңқы сыңарының баяндауышы тиянақсыз формада айтылады
- C) Бірінші сыңары бағыныңқы, екінші сыңары басыңқы деп аталады
- D) Бағыныңқы сыңарының баяндауышы тиянақты, кейде тиянақсыз формада айтылады
- E) Шартты түрде тең дәрежеде келеді
- F) Жай және күрделі ойды білдіруі
- G) Баяндауыштары үнемі есімше тұлғасына аяқталады

20. Тіл арты дауыссыздары:

- A) ғ
- B) д
- C) ң
- D) л
- E) ш
- F) н

21. Ассимиляция:

- A) сөз құрамындағы дыбыстардың орны ауысуы
- B) екі фонеманың бір фонеманың бойына сіңісуі
- C) морфемалардың жуан не жіңішке болып үйлесуі
- D) іргелес дыбыстардың бір-біріне бейімделуі
- E) дауыссыз дыбыстардың артикуляциялық, акустикалық жақтан үндесуі
- F) дауыссыз дыбыстардың буын жағынан үйлесуі

22. Кейінді ықпал байқалатын сөз:

- A) Жазса
- B) Жазған
- C) Манасбай
- D) Сәулеткер
- E) Балықшы
- F) Сенген

23. Аралас құрмалас сөйлемдер:

- A) Араларына түсетін арашашы болмай, екеуі де әбден титықтап шаршады, сөйлеуге де шамалары болмады
- B) Еңбек қылмай тапқан мал дәулет болмас: қардың суы секілді тез суалар
- C) Жау қолында бар құралдың бәрін де жұмсайды, сонда да қорғанған батыр қала беріспейді
- D) Күз келді де, жапырақтар сарғайып, жерді сары түске басады
- E) Тәңірберген бірер рет тіл қатар еді, Еламан үндемеді

24. Бағыныңқының баяндауышы есімше формасынан жасалған сабақтас құрмалас сөйлемдер:

- A) Күз болғалы, дымқыл тұман жерді басты
- B) Өзінді өзің сыйламасаң, өзгеден сый дәметпе
- C) Елдің қонған жері көк орай шалғын болғандықтан, бәрі ауылдың қасында
- D) Күн жауынды болғанмен, күзгі салқын сезілмейді
- E) Атқандарын жаққан соң, алыс жақын тыңдайды

25. Бағыныңқының баяндауышы көсемше формасынан жасалған сабақтас құрмалас сөйлемдер:

- A) Таныс біреулер кездесер мен екен деп, жабай жер үйлерді аралап кетті
- B) Ауылдың қонған жері көк орай шалғын болғандықтан, бәрі ауылдың қасында
- C) Ол жаңалық ашпақ болып, қыруар жұмыс істеп жатыр
- D) Күз болып, дымқыл тұман жерді басқан
- E) Атқандарын жаққан соң, алыс жақын тыңдайды

**Қазіргі қазақ (орыс) тілінің негіздері
ПӘНІ БОЙЫНША СЫНАҚ АЯҚТАЛДЫ**